

Приозерск қалалық мәслихатының 2010 жылғы 13 қыркүйектегі N 201/29 "Приозерск қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының 2010 жылғы 23 желтоқсандағы N 221/34 шешімі. Қарағанды облысы Балқаш қаласының әділет басқармасында 2011 жылғы 14 қаңтарда N 8-4-216 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына сәйкес, Приозерск қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Приозерск қалалық мәслихатының 2010 жылғы 13 қыркүйектегі N 201/29 "Приозерск қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 8-4-198 болып тіркелген, 2010 жылғы 25 қазандағы N 120 (724) "Взгляд на события" газетінде жарияланған), келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Приозерск қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесінде:

1) кіріспесінде "31 бабына" сандары мен сөзі алынып тасталсын және мемлекеттік тілдегі мәтінінде "Ереже" сөзі бас әріппен жазылсын;

2) барлық мәтін бойынша "Коммуналдық тұрғын үйлерді қайта қалыптастыру басқармасы" Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның балансындағы тұрғын үйлерді" деген сөздер "кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін" деген сөздермен ауыстырылсын ;

3) 2 тармақтағы :

3) тармақша келесі мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:
"кондоминиум – үй-жай жеке, заңды тұлғалардың, мемлекеттің бөлек (жеке) меншігінде болатын, ал ортақ мүлік оларға ортақ үлесті меншік құқығымен тиесілі болатын жағдайда бірыңғай мүліктік кешен (кондоминиум объектісі) ретіндегі жылжымайтын мүлікке меншіктің ерекше нысаны";

1 0) тармақшадағы :

"отбасының орташа айлық жиынтық кірісіне пайызбен қатынасы" деген сөздерден кейін ";" тыныс белгісі қойылсын;

4) 1 1 тармақтағы :

"мәселесін шешу уәкілетті орган жанындағы арнайы комиссия қарауына ұсынылуы мүмкін. Тұрғын үй көмегіне үміткер комиссия шешімімен келіспесе, сот тәртібімен

шағымдануға құқығы бар." деген сөздер "мәселесі сот тәртібімен шешілуі мүмкін." деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 17 тармақтағы:

8) тармақшадағы:

орыс тілдегі мәтіні бойынша "а ксерокопии" деген сөздер "а копии" деген сөздермен ауыстырылсын, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді;

6) 24 тармақтағы:

мемлекеттік тілдегі мәтіні бойынша, екінші абзацтағы "екінші деңгейдегі банктер немесе" сөздерінен кейін "банк операцияларын жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар ұйымдар арқылы" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің осы операцияны жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымдары арқылы" деген сөздермен ауыстырылсын, орыс тілдегі мәтіні өзгермейді;

7) 24, 33 тармақтардағы:

"Ұлттық Банкінің", "Ұлттық Банк" сөздері бас әріппен жазылсын;

8) 33 тармақтағы:

мемлекеттік тілдегі мәтіні бойынша "Еңбекақы түріндегі табыстар:" деген сөздердің алдындағы "33" сандары "32" сандарына ауыстырылсын;

9) 37 тармақтағы:

13) тармақшадағы:

орыс тілдегі мәтіні бойынша "натуральные видов помощи, оказанные в соответствии с законодательством Республики Казахстана" деген сөздер "натуральные виды помощи, оказанные в соответствии с законодательством Республики Казахстан" деген сөздермен ауыстырылсын, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді;

10) көрсетілген шешіммен бекітілген Приозерск қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесінің 3 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың бюджет және әлеуметтік сала мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (Жолдас Б.Қ.).

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

С е с с и я т ө р а ғ а с ы

қалалық мәслихат хатшысы

Е. Омаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қала әкімінің орынбасары

Қазиева Б.А.

21.12.2010 жыл

Қаржы бөлімінің басшысы

Қошқаралиев Қ.Қ.

21.12.2010 жыл

*Жұмыспен қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімінің бастығы
----- Медетбекова З.А.*

21.12.2010 жыл

Приозерск қалалық мәслихатының
2010 жылғы 23 желтоқсандағы XXXIV
сессиясының N 221/34 шешіміне
қосымша
Приозерск қаласының тұрғындарына тұрғын үй
көмегін көрсету Ережесіне
3 қосымша

Отбасының барлық мүшелерінің кірістері туралы анықтама

1. Отбасы мүшесінің Т.А.Ә. _____

Айы	I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII
Кірістің түрі												
Кірістің сомасы												

2. Отбасы мүшесінің Т.А.Ә. _____

Айы	I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII
Кірістің түрі												
Кірістің сомасы												

3. Отбасы мүшесінің Т.А.Ә. _____

Айы	I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII
Кірістің түрі												
Кірістің сомасы												

Өтініш берушінің қолы _____

Күні _____